

**ҚР Энергетика министрлігінің
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2026 жылғы 21 мамыр
сағ.11:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Ж.Ғ. Хайрушев

Қатысқандар: ҚР Энергетика вице-министрі С.Қ. Есімханов, Қоғамдық кеңестің мүшелері (тізім бойынша), Электр энергетикасын дамыту департаментінің директоры А.Б. Мусин, ҚР Энергетика министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті төрағасының орынбасары Ж.А. Шөгелбаев, ҚР Энергетика министрлігі Жаңартылатын энергия көздері департаментінің директоры Ә.Қ. Тұрар, ҚР Энергетика министрлігі Цифрландыру департаментінің Цифрлық трансформация басқармасының басшысы К.Қ. Сұлтанова, «KEGOC» АҚ жүйелік қызметтер жөніндегі басқарушы директор Н.Н. Керімқұлова, «KEGOC» АҚ жасанды интеллект және деректерді басқару департаментінің директоры А.С. Анисимов, «Цифрландыру және ЖИ» офисінің басшысы А. Жұпанхан, «ЖИ және цифрлық технологияларды дамыту» департаментінің директоры Л. Шамишева, «Самұрық-Энерго» АҚ Халықаралық ынтымақтастық және жинақтау-талдау қызметі офисінің басшысы К.Д. Наурызбек, «Qazaq Green Power» PLC гидроэнергетиканы дамыту және өндіру жөніндегі басқарма директоры Ю.А. Курий, «ҚазЭнергоөнеркәсіптікҒЗЖІ» институты» АҚ-ның цифрландыру департаментінің директоры А.А. Цой.

**1. 2025–2026 жылдардағы күзгі-қысқы кезеңнен өту (ОЗП):
технологиялық бұзушылықтар, температура графигінің сақталуы,
электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану және
олардың техникалық қауіпсіздігі қағидаларының сақталуы.
Проблемалық мәселелер, технологиялық бұзушылықтар мен
авариялар кейстерін талдау.**

(М.Ғ. Әсірепов)

1.1. ҚР Энергетика вице-министрі С.Қ. Есімхановтың ақпараты назарға алынсын;

1.2. ҚР Энергетика министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті төрағасының орынбасары Ж.А. Шөгелбаевтың ақпараты назарға алынсын;



1.3. 2025 – 2026 жылдардағы жылыту кезеңі электр генерациясының 16 063 МВт-тан 17 273 МВт-қа дейін ең жоғарғы өсу жағдайында өткені атап өтілсін. Бұл ретте технологиялық бұзушылықтардың және температуралық графиктерді сақталмауының негізгі көрсеткіштері төмендеді.

1.4. ҚР Энергетика министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне жылыту маусымының өтуі кезеңін, технологиялық бұзушылықтардың себептерін, температуралық графиктердің, техникалық пайдалану және электр станцияларындағы, электр және жылу желілеріндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын мониторингілеуді жалғастырсын;

1.5. ҚР Энергетика министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және энергетика субъектілерімен бірлесіп, 2026 жылғы жөндеу науқанын уақытылы орындауға және 2026 – 2027 жылдардағы жылыту маусымы кезеңінде энергия кәсіпорындарының дайындықтарына қадағалауды қамтамасыз етсін;

1.6. Электр энергетикасы мен жылумен жабдықтау субъектілеріне технологиялық бұзушылықтардың, авариялық ажыратулар мен температуралық графиктерден ауытқуларын олардың қайталануларын болдырмау бойынша түзету шараларын қабылдай отырып, талдау жүргізуді қамтамасыз ету ұсынысы берілсін.

1.2. Электр қауіпсіздік объектілері және ЭБЖ. 6-10 кВ болатын желілердің құрылымын оңтайландыру

(А.С. Әбілдаев)

1.2.1. ҚР Энергетика вице-министрі С.Қ. Есімхановтың ақпараты назарға алынсын;

1.2.2. ҚР Энергетика министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті төрағасының орынбасары Ж.А. Шөгелбаевтың ақпараты назарға алынсын;

1.2.3. Электр желісі шаруашылығы объектілерінің, электр беру әуе желілерінің электр қауіпсіздігі мәселелерінің өзектілігі, сондай-ақ 6-10 кВ болатын желілерді дамытуға және оңтайландыруға жүйелі тәсілдің болу қажеттігі атап өтілсін;

1.2.4. ҚР Энергетика министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне өңірлік электр желілері компанияларымен бірлесіп, әуе желілерінің, электр желілерінің трансформаторлық кіші станциялардың, қорғаныс құрылғылары мен күзет аймақтарының жай-күйін талдауды қоса алғанда, 6-10 кВ болатын желілерді пайдалану қауіпсіздігін арттыру мәселелерін пысықтасын;

1.2.5. Жергілікті атқарушы органдарға және өңірлік электр желі компанияларына 6-10 кВ болатын желілердің, әсіресе елді мекен пункттерінде, ауылдық аумақтарда және белсенді тұрғын үй мен өндірістік құрылыс аймақтарында проблемалық учаскелерін айқындау бойынша жұмысты күшейтуді ұсынсын;

1.2.6. Экономикалық негіздемеге және электр жабдықтау сенімділігіне тигізетін әсерін ескере отырып, реклоузерлер, секционирленетін пункттерді, автоматтандырылған есепке алу және диспетчерлеу жүйелерін есепке алуды қоса алғанда, заманауи техникалық шешімдерді қолдану мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

2. Энергияны жинақтау жүйелерінің нарығы. ГАЭС-ті дамыту.

(Ж.Қ. Бөкенбаев)

2.1. Жаңартылатын энергия көздері департаментінің директоры Ә.Қ. Тұрардың ақпараты назарға алынсын;

2.2. «KEGOC» АҚ жүйелік қызметтер бойынша басқарушы директор Н.Н. Керімқұлованың ақпараты назарға алынсын;

2.3. «Самұрық-Энерго» АҚ Халықаралық ынтымақтастық және жинақтау-талдау қызметі офисінің басшысы К.Д. Наурызбектің ақпараты назарға алынсын;

2.4. «Qazaq Green Power» PLC гидроэнергетиканы дамыту және өндіру жөніндегі басқарма директоры Ю.А. Курийдің ақпараты назарға алынсын;

2.5. Гидроаккумуляциялық электр станциялары мен электр энергиясын жинақтау жүйелерін дамыту Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетика жүйесінің икемділігі мен тұрақтылығын арттырудың ең маңызды бағыттардың бірі болып табылатыны атап өтілсін;

2.6. ҚР Энергетика министрлігіне жаңартылатын энергия көздерінің объектілерімен өзара іс-қимыл және теңгерімдеуші нарығына қатысу, аттестациялау, есепке алу мәселелерін қоса алғанда, электр энергиясын жинақтау жүйесінің жұмыс істеуі үшін нормативтік базаны қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру ұсынылсын;


2.7. ҚР Энергетика министрлігіне «KEGOC» АҚ-мен, «Самрук-Энерго» АҚ-мен және мүдделі ұйымдармен бірлесіп, энергия жүйесін теңгерімдеу мен оның сенімділігін қамтамасыз етуде ГАЭС қуаты мен қатысуына қол жетімді төлемін, инвестицияларды қайтару механизімін, ГАЭС құқықтық мәртебесін пысықтауды жалғастыру ұсынысы берілсін;

2.8. ГАЭС жобаларын одан әрі пысықтау кезінде олардың жүйелі мәнін аса жоғары жүктемені жабу, ЖЭК интеграциясы, түнгі тұтынудың төмен түсуін білдіртпеу және генерацияның болашақтағы базалық дамуы үшін ескеру ұсынылсын;

2.9. ҚР Энергетика министрлігіне Қоғамдық кеңесті заңнамаға енгізілетін өзгерістерді, заңнамалық актілерді әзірлеу және көрсетілген жобаларды іске асырудың экономикалық моделін айқындауды қоса алғанда, СНЭ және ГАЭС жобаларын бұдан әрі пысықтау барысы туралы ақпараттандыру ұсынылсын.

3. Энергетика саласына жасанды интеллект пен цифрлық технологияны енгізу. Электр станцияларының цифрлық сыңарларын дамыту және оларды білім беру бағдарламаларына интеграциялау

(Ж.Ф. Хайрушев, Б.И. Досмухамбетова)



3.1. Уақыттың тығыздығына байланысты күн тәртібінің үшінші мәселесін қарауды ҚР Энергетика министрлігінің Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің жеке отырысын өткізуге ауыстырылсын;

3.2. Қоғамдық кеңестің хатшысы ҚР Энергетика министрлігімен бірлесіп, Энергетика саласына жасанды интеллект пен цифрлық технологияны енгізу. Электр станцияларының цифрлық сыңарларын дамыту және оларды білім беру бағдарламаларына интеграциялау мәселелері бойынша өткізілетін жеке отырыстың күнін анықтасын;

3.3. ҚР Энергетика министрлігіне, «KEGOC» АҚ-ға, «Самұрық-Энерго» АҚ-ға «ҚазЭнергоөнеркәсіптікҒЗЖІ» институты» АҚ және өзге де мүдделі ұйымдарға жеке отырыста энергетика саласында іске асырылатын және жоспарланатын цифрландыру жобалары мен жасанды интелекті қолдану туралы ақпаратты әзірлеу ұсынылсын.

**Қоғамдық
кеңестің төрағасы**

Ж. Хайрушев

**Қоғамдық
кеңестің хатшысы**

Б. Әубәкіров